

"Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 241 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қарашадағы № 902 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін нысаналы трансферт қаражатын бөлу және пайдалану қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 241 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға нысаналы трансферт қаражатын бөлу осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Қазақстан</i>	<i>К.Мәсімов</i>
<i>Үкіметінің</i>	<i>Республикасы</i>
<i>2015 жылғы</i>	<i>12 қарашадағы</i>
<i>№ 902 қаулысына</i>	
<i>қосымша</i>	
<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасы</i>
<i>Үкіметінің</i>	
<i>2015 жылғы</i>	<i>15 сәуірдегі</i>
<i>№ 241 қаулысымен</i>	
<i>бекітілген</i>	

Әріптестік туралы негіздемелік келісімдер шеңберінде халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының

орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу жөніндегі жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2015 жылға нысаналы трансферт қаражатын бөлу

P/c №	Жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі, мың теңге	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Халықаралық қаржы ұйымы
1	2	3	4	5
1. ХҚҰ-дан үкіметтік қарыз тарту арқылы іске асыру жоспарланған бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге				
1.	Орталық – Оңтүстік «Астана – Қарағанды – Балқаш – Күрті – Қапшағай – Алматы» дәлізін реконструкциялау, «Қарағанды – Бурылбайтал» учаскесі	168 862	ИДМ	ДБ
2.	«Орталық – Батыс» дәлізін реконструкциялау	133 643	ИДМ	ДБ
3.	«Ресей Федерациясының шекарасы (Орскіге) – Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)» автомобиль жолын реконструкциялау, «Атырау – Астрахань» учаскесі	54 804	ИДМ	ИДБ
2. ХҚҰ-мен ынтымақтастық бағдарламалары шеңберінде үкіметтік қарыз жобаларын және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыз алуы жөніндегі жобаларды дайындауға және сүйемелдеуге				
1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚҚДБ арасындағы техникалық ынтымақтастық бағдарламасы шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қарыз беру жөніндегі жобаларды дайындауға және сүйемелдеуге	3 029 798	ҰЭМ	ЕҚҚДБ
2.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ арасындағы техникалық ынтымақтастық бағдарламасы шеңберіндегі үкіметтік қарыз жобаларын дайындауға және сүйемелдеуге	375 000	ҰЭМ	АДБ
3. ХҚҰ-дан сыртқы үкіметтік қарыз тарту арқылы іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға				
1.	Өскемен қаласының қоршаған ортасын қалпына келтіру	388 210	АШМ	ДБ
2.	«Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» жобасының 2-фазасы	692 126	АШМ	ДБ
4. Бағдарламалық жобаларды іске асыруға				
1.	Дағдыларды дамыту және жұмыс орындарын құру жөніндегі жоба (Ұлттық біліктілік жүйесін, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту, жұмыспен қамту қызметтерін және қорын құру)	20 250	ДСӘДМ	ДБ
5. ХҚҰ-дан байланысты гранттар тарту арқылы жүзеге асырылатын техникалық көмек іс-шараларын іске асыруға				
1.	ЕҚҚДБ-ның Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі бағдарламасын іске асыру	1 063 986	ҰЭМ	ЕҚҚДБ
2.	Шағын бизнесті қолдау бағдарламасының шеңберінде «Бизнестегі әйелдер» кіші бағдарламасын іске асыру	1 525 672	ҰЭМ	ЕҚҚДБ

3.	«Қазақстан Республикасында құрамында тұтқыр органикалық ластағыштар бар қалдықтарды жою» жобасы	11 525	ЭМ	ДБ
6. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері				
Қызылорда облысы		472 035	ҰЭМ	ЕҚДБ
1.	Қызылорда қаласын сумен жабдықтау және су бұру жүйесін салу және реконструкциялау	315 039	ҰЭМ	ЕҚДБ
2.	Қызылорда қаласын жылумен жабдықтау жүйесін салу және реконструкциялау	156 996	ҰЭМ	ЕҚДБ
7. ХҚҰ тарту арқылы концессиялық жобаларды дайындауға				
1.	«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолын (ҰАААЖ) салу және пайдалануға беру» концессиялық жобасын консалтингтік сүйемелдеу	64 089	ИДМ	ДБ
Барлығы		8 000 000		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК